Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №107–108 (6786) 17 қараша, сейсенбі, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS

ӘКІМ



ОҢ ДИНАМИКА

Шаһардың даму көрсеткіштері сараланды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында шаһардың биылғы он айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері сараланып, жыл соңына дейін атқарылуы тиіс міндеттер талқыланды. Сонымен қатар, бюджет қаражатының игерілу барысы, жоспарланған жобалардың орындалуы және қала қызметтерінің ақпараттық жұмысы қаралды.

Кеңесте қаланың негізгі экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамика сақталғаны атап өтілді. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және сауда салаларындағы өсім жалғасып келеді. Бұл бағыттар қаланың экономикалық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты қала әкімі жыл қорытындысы бойынша белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу қажеттігін айтып, жауапты басқармалар мен аудан әкімдіктеріне барлық бағыттағы жоспарлардың толық әрі сапалы орындалуын тапсырды.

Жиында бюджет қаражатын тиімді игеру мәселесіне де айрықша назар аударылды. Қаржының уақытылы әрі мақсатты жұмсалуы қолға алынған жобалардың нәтижелі жүзеге асуына тікелей әсер етеді. Сондықтан жыл соңына дейін жоспарланған жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтап, бюджет қаражатының игерілуін қамтамасыз ету міндеті қойылды. Әсіресе, іске асырылып жатқан жобалардың сапасы мен орындалу барысын бақылауды күшейту қажеттігі айтылды.

Дархан Сатыбалды жауапты басшылардың жұмыс нәтижесі қағаз жүзіндегі есеппен ғана емес, нақты атқарылған іспен бағалануы керектігін атап өтті. Оның айтуынша, әрбір тапсырманың орындалу мерзімі мен сапасына тиісті басшылар жауап беруі тиіс. Осы ретте басқармалар мен аудан әкімдіктеріне жүктелген міндеттердің орындалуына қойылатын талап күшейтілмек. Жобаларды іске асыру барысында туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешу жолдарын қарастыру да маңызды.

Аппараттық кеңесте қала тұрғындарымен байланыс орнату және ақпараттық жұмыстың сапасын арттыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қалада жүзеге асырылып жатқан өзгерістер мен жобалар туралы тұрғындар дер кезінде әрі толық ақпарат алуы қажет. Әсіресе, құрылыс, абаттандыру, инфрақұрылымды жаңарту және өзге де қоғамдық маңызы бар жұмыстардың барысы жөнінде ашық ақпарат ұсыну маңызды екені айтылды. Сонымен қатар, азаматтардың өтініштері мен сауалдарына жауап беру тәртібін жетілдіру тапсырылды. Тұрғындардың мәселесін қарау кезінде бюрократиялық кедергілерге жол бермей, әрбір өтінішке жедел әрі нақты жауап беру қажеттігі ескертілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

0 745178 614887 >

САРАП-ТІМЕ

КӨЛІК САЛАСЫНА ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

13 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен көлік-транзит саласын дамытуға арналған Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысы өтті. Жиында халықаралық көлік дәліздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықты азайту мәселелері қаралды.



Транзиттік артықшылық пен нақты нәтиже

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында көлік-транзит саласын жаңғыртудың негізгі міндеттеріне тоқталды. Сонымен қатар, жиында Премьер-министрдің орынбасары – Көлік министрі Әсел Жанасова, Қаржы министрі Мәди Такиев және Үкіметтің өзге де мүшелері саланың қазіргі ахуалы, жүзеге асырылып жатқан жобалар мен алдағы даму бағыттары туралы баяндама жасады.

Президент өз сөзінде әлемде көлік-логистика байланыстарының жаңа жүйесі қалыптасып келе жатқанын атап өтті. Географиялық тұрғыдан Еуропа мен Азияның ортасында орналасқан Қазақстан үшін бұл үдеріс жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Алайда, елдің транзиттік артықшылығы өздігінен экономикалық нәтижеге айналмайды. Оны тиімді пайдалану үшін жүк тасымалы жылдам, сенімді және алдын ала болжамды болуы қажет.

Халықаралық көлік нарығындағы бәсеке енді тек бағыттың қысқалығымен өлшенбейді. Тасымал мерзімі мен шарттарының айқындығы, тарифтердің тиімділігі және инфрақұрылымның сапасы да шешуші мәнге ие. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қазақстан халықаралық көлік жүйесіндегі өзгерістерді сырттай бақылап қана қоймай, жаңа бағыттарды қалыптастыруға белсенді қатысуы керектігін айтты. Бұл мақсатқа жету үшін, ең алдымен, еліміздің транзиттік жүктерді өткізу мүмкіндігін арттыру қажет. Сонымен қатар, отандық әуе тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасап, теңіз көлігін дамыту көзделіп отыр. Аталған бағыттар өзара үйлескен жағдайда Қазақстан құрлық, әуе және теңіз жолдарын байланыстыратын толыққанды логистикалық орталыққа айнала алады.

Алайда, жүк өткізу көлемін ұлғайту қолданыстағы инфрақұрылымның сапасына тікелей байланысты. Сондықтан Президент логистика орталықтарын кеңейту, шекаралық және кедендік рәсімдерді жетілдіру, сондай-ақ жүктердің іркіліссіз өтуіне кедергі келтіретін мәселелерді жою қажеттігіне назар аударды. Яғни жаңа бағыттар ашумен қатар, қазіргі тасымал желілеріндегі тар орындарды ретке келтіру де маңызды.

Инфрақұрылымдық мәселелерді шешудің келесі тетігі – саланы кешенді цифрландыру. Цифрлық жүйелер жүктің қозғалысын бақылауға, құжаттарды рәсімдеу уақытын қысқартуға және тасымал үдерісінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының қызметін қатаң сынға алып, оның кірісін арттыру, жұмысын оңтайландыру және цифрлық құралдар арқылы тиімділігін көтеру міндетін қойды.

Көлік инфрақұрылымын жаңғырту тек мемлекеттік компаниялардың күшімен жүзеге аспайды. Бұл салаға жеке инвестиция мен халықаралық серіктестік те қажет. Сондықтан отырыста «Заң мен Тәртіп» қағидатын сақтай отырып, инвесторлар мен көлік-логистика компанияларына барынша қолайлы жағдай жасау мәселесі көтерілді.

Инвесторларға қолайлы орта

Инвестицияға қолайлы жағдай басқару жүйесінің ашықтығына және мемлекеттік компаниялардағы қаржы тәртібіне де байланысты. Осы тұрғыда Президент бұқаралық ақпарат құралдарында тараған «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ұсталуына қатысты мәліметтерге пікір білдірді. Мемлекет басшысы тергеу жұмысы енді басталғандықтан, оның мән-жайын алдын ала жариялауға болмайтынын айта келіп, мемлекеттік компаниялардағы сыбайлас жемқорлық мәселесіне назар аудару керектігін баса белгіледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отырыс барысында биліктің бизнеске кедергі келтіру ниеті жоқ екенін айтып, келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлікті тексеруге үш жылдық мораторий жариялау туралы тапсырмасын еске салды. Бұл тұрғыда «Заң мен Тәртіп» қағидаты тек жауапкершілікке тарту тетігі емес, заңды жұмыс істейтін азаматтар мен кәсіпорындардың құқығын қорғау құралы ретінде қарастырылып отыр.

Қаржы тәртібін күшейтудің тағы бір бағыты – заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару. Бас прокуратура жалпы сомасы 1,3 триллион теңгеден асатын активтерді қайтарған. Бұл қаражат 466 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысына бағытталып, соның 383-і пайдалануға берілген. Олардың қатарында медициналық мекемелер, сумен жабдықтау желілері, мектептер мен спорт кешендері бар.

Осылайша Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында көлік-транзит саласын дамыту мен мемлекеттік компаниялардағы тәртіпті күшейту бір-бірімен байланысты міндеттер ретінде қаралды. Кеңес қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға Қазақстан аумағы арқылы өтетін халықаралық көлік бағыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде тиісті тапсырмалар берілді. Олардың орындалуын бақылау Қауіпсіздік Кеңесінің аппаратына жүктелді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Дереккөз: Akorda.kz).

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Жолдау жүктеген маңызды міндеттер

Республикалық Достық үйінде Президент Жолдауына арналған «дөңгелек үстел» өтті. Онда Жолдау жүктеген маңызды міндеттер, қоғамдық келісім мен азаматтық қоғамның жауапкершілігі талқыланды. «Президенттің Жолдауы: жаңа тарихи кезеңдегі бірліктің рөлі» тақырыбындағы басқосуға Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің өкілдері, этномәдени бірлестіктер, зиялы қауым мен жастар қатысты.



Жиынның негізгі мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында белгіленген міндеттер мен бастамалардың мазмұнын кеңінен түсіндіру, оларды жүзеге асыруға қоғам өкілдерін жұмылдыру. Қатысушылар елдің жаңа даму кезеңінде қоғамдық келісім мен бірліктің маңызына тоқталып, азаматтық бастамаларды нақты іске айналдыру қажеттігін атап өтті.

Қазақстан Халық Кеңесі Төралқасының мүшесі, Қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік комитетінің төрағасы Марат Әзілханов Жолдауда көтерілген мәселелерді бірнеше негізгі бағыт бойынша қарастыру қажеттігін айтты:

– Қазір еліміз тарихи жаңа кезеңге қадам басты. Конституциялық реформалар жүзеге асырылып, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған маңызды өзгерістер қолға алынды. Президенттің Жолдауы да осы реформалардың заңды жалғасы деуге болады. Оның негізгі өзегінде азаматтық жауапкершілік, заңға құрмет, адал азамат қағидаты және жаңа құқықтық мәдениет қалыптастыру міндеттері тұр, – деді Марат Әзілханов.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Рустам Қайрыевтің пікірінше, Президент бастамаларын қолдау оларды талқылаумен ғана шектелмеуі керек. Қоғам өкілдері нақты ұсыныстар әзірлеп, ел дамуына бағытталған жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуы қажет.

Спикер жастардың әлеуетіне де ерекше тоқталды. Оның пайымынша, 18 бен 35 жас аралығындағы азаматтар жаңа технологияларды меңгеруімен, тың идеялар ұсынуымен және заманауи жобаларды жүзеге асыруға бейімділігімен ерекшеленеді. Сондықтан Президент Жолдауындағы бастамаларды жастарға түсіндіруде олардың тіліне жақын, заманауи коммуникациялық тәсілдерді қолдану маңызды.

Қоғамдық келісімнің негізі – ортақ Отан мен ортақ жауапкершілік. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Совет Сеитов осы мәселеге назар аударып, этномәдени бірлестіктер өкілдерінің басқосуға қатысуы ел бірлігінің маңызын айқындай түсетінін жеткізді.

– Бүгінде Қазақстанда жүзден астам этнос өкілі бір шаңырақ астында өмір сүріп жатыр. Ұлтымыз бен дәстүріміз әртүрлі болғанымен, Отанымыз ортақ. Бізді біріктіретін басты құндылық – Қазақстанның болашағы мен келер ұрпақтың жарқын келешегі. Сондықтан әр азамат өзін біртұтас Қазақстан халқының өкілі ретінде сезініп, ел тағдырына ортақ жауапкершілікпен қарауы керек. Қоғамда әр адамның орны мен еңбегін құрметтеу маңызды. Өйткені, біз – бір халықпыз, бір елдің азаматымыз, – деді Совет Сеитов.

Ал Халықаралық құқық қорғау және медиация орталығының басшысы Жанділда Жақыпов ел дамуының басты тірегі қоғамдық бірлік екенін атап өтті. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген бастамаларды жүзеге асыру үшін қоғам мүшелерінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы қажет.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӘУЕ АЙЛАҒЫН ДАМЫТУ

Алматының әлеуетін арттыра түседі





Алматы халықаралық әуежайында ішкі рейстерге арналған қайта жаңғыртылған терминалдың ашылу рәсімі өтті. Оған ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Көлік министрі Әсел Жанасова мен шаһар басшысы Дархан Сатыбалды қатысты.

Ауқымды жаңарту жұмыстары елдің басты әуе айлағын дамытуға бағытталған Project Horizon бағдарламасының тағы бір кезеңі. Жоба аясында жүк өткізу қабілеті арттырылып, жолаушыларды отырғызу аймақтары мен жолаушылар инфрақұрылымы жаңартылды.

Әсел Жанасова Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтуға, әуежай инфрақұрылымын жаңыртуға және азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға ерекше мән беріп отырғанын айта келіп, жаңартылған терминалдың ашылуы – осы бағыттағы жұмыстың нақты нәтижесі деп бағалады:

– Алматы – еліміздің іскерлік және қаржы орталығы. Сондықтан қаланың әуежайын дамыту айрықша маңызға ие. Бұл жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға, қаланың туристік және іскерлік әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ өңірдегі ірі авиациялық хабтардың бірі ретіндегі орнын күшейтуге мүмкіндік береді, – деді Әсел Жанасова.

Сондай-ақ, ол әуежай инфрақұрылымын дамыту елдің стратегиялық басым бағыттарының бірі екенін жеткізді. Оның сөзінше, Қазақстан транзиттік мүмкіндіктерін нығайтып, халықаралық әуе қатынасын кеңейтуді көздеп отыр. Министр мәлімдегендей, мақсат 2040 жылға қарай жолаушылар ағынын жылына 50 миллион адамға жеткізу. Қазақстанның авиациялық әлеуетін одан әрі дамыту әрі әуежайлардың халықаралық жоғары стандарттарға сай болуын қамтамасыз ету.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды әуе айлағын дамытуға инвесторлардың қосып отырған үлесін атап өтті. Жобаға жоспарланған инвестицияның жалпы көлемі – 360 миллион АҚШ доллары. Оның 120 миллион доллары қазірдің өзінде игерілген. Ал келесі жылы тағы 150 миллион доллар инвестиция тарту жоспарланып отыр. Қала билігі әуежай аумағын кеңейту жұмыстарына да атсалысуда. Бүгінде 332 гектар жер әуежайдың балансына берілген. Сонымен қатар, Алматы облысы тарапынан тағы 300 гектар жерді беру мәселесі қарастырылып жатыр. Алдағы жобаларды іске асыру әуе айлағының өткізу қабілетін арттырып, Алматының Орталық Азиядағы ірі көлік торабы ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

TAV Airports компаниясының бас директоры Серкан Каптан ішкі рейстер терминалының 2000 жылы салынғанын еске салды. Қайта жаңғырту барысында ұшаққа отырғызуға арналған сегіз аймақ жаңартылып, үш жаңа телескопиялық трап орнатылды. Жолаушылар инфрақұрылымы толық жаңартылып, багажды өңдеудің автоматтандырылған жүйесі іске қосылды. Нәтижесінде оның өткізу қабілеті артты, ал багаж алу аймақтарының аумағы екі есе ұлғайды.

Сонымен қатар, желдету және жылыту жүйелері ауыстырылып, электр және IT инфрақұрылымы жаңартылды. Жаңа мейрамханалар мен дүкендер, санитарлық бөлмелер және заманауи VIP-аймақтар ашылды.

– Осы күрделі үдеріс барысында түсіністік танытып, шыдамдылық көрсеткен жолаушыларымыз бен әуе компанияларындағы серіктестерімізге шынайы алғысымызды білдіреміз. Бүгін ішкі рейстер терминалын жаңғырту жұмыстары толық аяқталғанын мақтанышпен хабарлаймыз, – деді Серкан Каптан.

Әуежай инфрақұрылымын дамыту жұмыстары әлі де жалғасуда. Соңғы 12 айда әуе кемелеріне арналған 14 жаңа тұрақ пайдалануға беріліп, екі бұрылу жолы жөнделді және мұздануға қарсы арнайы алаң салынды. Алдағы апталарда ұзындығы төрт шақырым болатын жаңа параллель бұрылу жолын іске қосу жоспарланған.

Бұдан кейінгі жоспарлардың қатарында екі терминалды байланыстыратын өткел салу және халықаралық терминалда жолаушыларды ұшаққа отырғызуға арналған қосымша шығу аймақтарын ашу бар.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

БАҒА БАҚЫЛАУДА

Күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасының құбылуы қала тұрғындары үшін маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе, жұмыртқа, ет, нан, көкөніс пен сүт өнімдерінің қолжетімді болуы отбасы бюджетіне тікелей әсер етеді. Осыны ескерген Алматыда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құнын тұрақты ұстау бағытындағы жұмыс жалғасып жатыр. Қалада өндірушілер мен сауда орындары арасында келісімдер жасалып, бірқатар өнімге нақты баға белгіленген.

Мәселен, «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «Сары-Бұлақ компаниясы» ЖШС-мен 2027 жылдың қазан айына дейін 86,4 млн. дана бірінші санаттағы жұмыртқа өндіру және өткізу жөнінде келісім жасасты. Соның нәтижесінде сауда орындарында бір жұмыртқаның бағасы 59 теңгеден аспауы тиіс. Өнімді «Magnum», «Small», «Астор» желілерінен және «Алатау-құс» фирмалық дүкендерінен табуға болады.

Ет өнімдері бойынша да бағаны реттеу тетігі қарастырылған. «Алатау-құс» фирмалық дүкендерінде тауық сирағының келісі 1650 теңгеден сатылуда. Ал «Nauryz Agro KZ» компаниясы тауықтың сан еті мен жамбас етін көтерме саудада келісіне 1300 теңгеден жеткізеді. «Magnum» дүкендерінде бұл өнімдердің бөлшек саудадағы бағасы 1495 теңге болып белгіленген. Сауда үстемесі 15 пайыздан аспайды. Аталған келісімдердің мерзімі өнім жеткізушіге қарай 2027 жылдың шілде және қараша айларына дейін жалғасады.

Тұрғындардың күнделікті дастарханынан түспейтін нанның бағасын қолжетімді деңгейде сақтау да назарда. Осы бағытта «Алматынан» нан-тоқаш комбинатымен бірінші сұрыпты ұннан дайындалған 3 846 154 бөлке нан жеткізу туралы келісім бекітілген. Нан өнімдері «Magnum», «Small», «Jardi» сауда желілерінде және үй маңындағы дүкендерде сатылады.

Ал көкөніс нарығында картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат бағасын тұрақтандыру үшін 9920 тонна өнім қарастырылған. Бұл бағыттағы жұмыс «Magnum» сауда желісімен бірлесіп жүргізілуде. Белгіленген бағамен сатылатын көкөністердің саудасы 2027 жылғы сәуірдің соңына дейін жалғасады. Бұған қоса, сауда желісімен әлеуметтік маңызы бар 11 түрлі азық-түлік тауары бойынша жалпы көлемі 517 тонна өнімге қарыз шарты жасалған. Оның ішінде қарақұмық, күріш, макарон, күнбағыс майы, айран, сары май, сүт, тауық және сиыр еті, ұн мен тұз бар. Бұл тауарлардың бағасын тұрақтандыру шаралары келесі жылдың маусым айына дейін жүргізіледі.



Қант бағасын реттеу үшін де арнайы қор қалыптастырылған. «Алматы» ӘКК» АҚ отандық өндірушілерден 4500 тонна қант сатып алып, оны қаладағы ірі сауда желілеріне жеткізуде. Қазір қанттың бір келісі 405 теңгеден сатылып жатыр. Өнімді «Magnum», «Small», «Toimart», «Столичный», «Юбилейный» және басқа да дүкендерден алуға болады. Бұл ретте сауда үстемесі 10 пайыздан жоғары болмауы керек. Келісім 2027 жылдың қараша айына дейін күшінде болады.

Азық-түлікті қолжетімді бағамен ұсынудың тағы бір жолы – ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері. Алматыда олар әр демалыс сайын қаланың алты ауданында ұйымдастырылады. Мұнда жергілікті өндірушілер мен ауыл шаруашылығы тауарын жеткізушілер өз өнімдерін нарықтағы орташа бағадан төмен ұсынады. Жәрмеңкелер Бостандық ауданындағы «Қазақфильм» шағынауданында, Әуезов ауданындағы Рысқұлбеков көшесі, 33/2 мекенжайында, Медеу ауданында Меңдіқұлов пен Бектұров көшелерінің қиылысында өтеді. Сондай-ақ, Алмалы ауданында Масанчи көшесінің Әйтеке би мен Гоголь көшелерінің аралығында, Жетісу ауданындағы «Құлагер» шағынауданында және Түрксіб ауданында Рысқұлов пен Айтықов көшелерінің қиылысында сауда алаңдары жұмыс істейді.

Осылайша қалада азық-түлік бағасын тұрақтандыру жұмысы бірнеше бағытта жүзеге асырылып келеді. Өндірушілермен тікелей келісім жасау, ірі сауда желілерінде үстеме бағаны шектеу және жәрмеңкелер өткізу – тұрғындардың күнделікті тұтынатын өнімдерді қолжетімді бағамен алуына бағытталған шаралар.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.

14-15 қарашада Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров инспекциялық сапар аясында Алматы қаласының 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына дайындық барысымен танысты. ОСК мүшесі Әсел Жанабиловамен бірге бірқатар округтік және учаскелік сайлау комиссияларында болып, мемлекеттік органдардың өкілдерімен және сайлау комиссияларының мүшелерімен кеңес өткізді.



ДАЙЫНДЫҚ ТАЛАПҚА САЙ

ОСК төрағасы Алматының әзірлігін тексерді

Үйлесімді жұмыс зерделенді

Қала басшылығының, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың, сондай-ақ аумақтық сайлау комиссиясының өкілдері қатысқан кеңесте Алматы қаласының алдағы сайлауда дауыс беруге дайындығы мәселелері қаралды. Сайлау учаскелерін материалдық-техникалық жабдықтауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сайлау заңнамасының талаптарын сақтауға және ведомствоаралық өзара іс-қимылға ерекше назар аударылды.

Нұрлан Әбдіров мемлекеттік органдар мен сайлау комиссияларының үйлесімді жұмыс істеуінің, сайлау процесінің заңдылығын, ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етудің маңызын атап өтті. Сайлаудың күзгі-қысқы кезеңде өтетінін ескеріп, үй-жайларда қажетті температуралық режим мен жарықтандыруды сақтау, сондай-ақ электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау және интернет байланысы жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелеріне жіті назар аударылды.

Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Ерлан Исабековтің мәліметінше, 8 қарашадағы жағдай бойынша мегаполисте 1 миллион 355 мың 274 сайлаушы тіркелген. Алдағы саяси науқанды өткізуге барлығы 700 сайлау комиссиясы (9 аумақтық, 21 округтік және 670 учаскелік) жұмылдырылып, 4826 комиссия мүшесі қызмет атқарады. Учаскелік комиссиялардың 597-сі азаматтардың тіркелген жері бойынша, ал 73-і уақытша болатын орындарында құрылған. Айта кетерлігі, сайлауаралық кезеңде қалада 17 жаңа учаске ашылып, жүргізілген түгендеу нәтижесінде барлық 670 учаскенің белгіленген талаптарға сай екені расталды.

«Қазіргі уақытта барлық сайлау учаскелері мен округтік комиссиялар қажетті материалдық-техникалық базамен толық қамтамасыз етілді. Дауыс беру кабиналары, жәшіктер мен ақпараттық стендтер толық әзірленді. Әсіресе, дауыс берудің қолжетімділігіне баса мән берілді. Азаматтардың тіркелген жері бойынша құрылған 597 учаскенің барлығы ғимараттардың бірінші қабатында орналасып, пандустармен, тактильді көрсеткіштермен және кресло-арбаны пайдаланатын азаматтарға бейімделген арнайы кабиналармен жабдықталды. Ал мүгедектігі бар жандарға арналған арнайы ақпараттық бұрыштар қарастырылған. Сайлау күні 170 инватакси көлігі мен 40 сурдоаудармашы тікелей және бейнебайланыс арқылы қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, 2 мыңға жуық тұрғынның үйде дауыс беруіне жағдай жасалды», – деді аппарат басшысы.

Сайлау учаскелерін аралады

Қала тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. 13 қазаннан бастап 109 бірыңғай байланыс орталығы, қала әкімдігі мен Open Almaty сайттары, арнайы Telegram-бот және сайлау округтерінің интерактивті картасы іске қосылды. Байланыс орталығына түскен қоңыраулардың 80 пайызы сайлау учаскесінің нөмірін анықтауға қатысты болса, онлайн-сервистер арқылы 38 779 адам өзін сайлаушылар тізімінен тексеріп үлгерген. Азаматтарды ақпараттандыру бұқаралық ақпарат құралдары мен сыртқы ақпараттық құрылымдар арқылы да жүзеге асырылуда.

Жұмыс сапары барысында Нұрлан Әбдіров Түрксіб ауданындағы №20 округтік комиссияның, Наурызбай ауданындағы №10 округтік комиссияның, сондай-ақ №449, 690 сайлау учаскелерінің жұмысымен танысты. Тексеру кезінде комиссия мүшелерінің жұмыс реті, дауыс беру кабиналары мен жәшіктердің әзірлігі, сондай-ақ дауыс беруді ұйымдастырудың практикалық мәселелері зерделенді.





Бұдан бөлек, ОСК төрағасы Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиялары өкілдерімен, №15 гимназия базасында ұйымдастырылған оқыту семинарына қатысушылармен жүздесті. Семинарда комиссия мүшелерінің теориялық білімі мен практикалық даярлығын арттыру, дауыс беру күніндегі жұмысты дұрыс ұйымдастыру жайы пысықталды. Жалпы, қаладағы сайлау комиссияларының мүшелерін оқыту каскадты қағидат бойынша жүзеге асырылып жатыр: 13 қазан мен 28 қараша аралығында өзге қатысушыларды есепке алмағанда, 4831 тыңдаушыны қамтитын 2856 оқыту іс-шарасын өткізу жоспарланған.

Жиында Нұрлан Әбдіров осы жылғы сайлау науқанының ерекшеліктері мен заңдылық талаптарына тоқталды.

«Таңертеңнен бері делегациямыз Алматы қаласының сайлау күніне әзірлігін жан-жақты зерделеді. Сайлау – тек сайлау органдарының емес, барлық мемлекеттік құрылымдардың үйлесімді жұмысын талап ететін ортақ науқан. Біз үшін ең бастысы – сайлау заңнамасының нормаларын біркелкі қолдану, дауыс беру процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету. Комиссия мүшелері дауыс беру күні туындауы мүмкін кез келген жағдайға сақадай сай болып, белгіленген сайлау рәсімдерін мүлтіксіз орындауға тиіс», – деді ОСК төрағасы.

Кәсіби біліктілік маңызды

Нұрлан Әбдіров жұмыс сапарының екінші күні қаладағы №8, №9 және №10 округтік сайлау комиссияларын аралады. Онда комиссиялар жұмысының ұйымдастырылу барысымен және материалдық-техникалық жабдықталуымен танысты. Одан кейін Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерімен кездесті. Онда сайлау процесінің негізгі кезеңдері, заңнама талаптарын сақтау, ұйымдастырушылық мәселелер және дауыс беру күні атқарылатын жұмыстар талқыланды. Сондай-ақ, сайлау комиссиялары жұмысының жүйелілігі мен өзара үйлесімділігінің маңыздылығы атап өтілді. Әсіресе, сайлаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету, дауыс беру рәсімдерін заң талаптарына сәйкес өткізу, азаматтарға қажетті ақпаратты уақытылы жеткізу және сайлау процесінің ашықтығын сақтау мәселелеріне басымдық берілді.

Төрағаның екікүндік жұмыс сапарын оқыту семинарына қатысушылармен кездесу түйіндеді. Нұрлан Әбдіров семинар қатысушыларына электоралдық оқытудың маңызын тілге тиек етті.

Семинар барысында қатысушылар сайлау заңнамасының нормаларын қолдану тәртібі, комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, дауыс беру процесін ұйымдастыру, сайлау құжаттарын рәсімдеу және әртүрлі практикалық жағдайларда әрекет ету алгоритмдері бойынша білімдерін жетілдірді. Оқыту жұмыстарының басты мақсаты – комиссия мүшелерінің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, сайлау науқанының барлық кезеңінде заңдылық пен белгіленген рәсімдердің сақталуын қамтамасыз ету.

Нұрлан Әбдіров сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сондықтан оқыту семинарлары тек ақпарат алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар өзекті мәселелерді талқылап, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін маңызды жұмыс форматы екеніне назар аударылды.

«Заң мен тәртіп» – басты ұстаным

Бұл сапар сайлау инфрақұрылымының жай-күйін жан-жақты бағалауға, қосымша назар аударуды қажет ететін мәселелерді анықтауға және сайлау науқанының барлық кезеңінде тартылған қызметтердің үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

«Біз жаңа кезеңге, жаңа дәуірге аяқ бастық. Сонау 1995 жылдан бері, яғни 30 жыл бойы қолданыста болған Конституциямыз заман талабына сай жаңаруды қажет етті. Осы уақыт ішінде өмір өзгерді, қоғам өзгерді, халықтың сұранысы мен алға қойған мақсат-міндеттеріміз де өзгерді. Сондықтан Ата Заңымызды жаңарту қажеттілігі туындады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Конституциялық реформаны жүзеге асыру бағытында маңызды жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде жаңа Конституция қабылданды. Бұл – еліміздің тарихындағы айрықша жыл. Жаңа Конституция мемлекеттің, елдің және халықтың дамуындағы жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Бұл – жаңа құндылықтарды қалыптастыру кезеңі. Сол құндылықтардың бірі – «Заң және тәртіп» қағидаты. Сондықтан біз өткізетін сайлау процестері де Конституция талаптарына, заңдылық пен тәртіп қағидаттарына толық сәйкес болуы тиіс. Біз әрдайым осыны талап етеміз және баршаңыз осы жауапкершілікті терең түсінеді деп сенемін», – деді Нұрлан Әбдіров.

ҚР ОСК төрағасы сөзінің соңында алматылық әріптестеріне сәттілік тіледі. Бірқатар сайлау комиссияларының төрағаларына бұған дейін өткен сайлау науқандарында жемісті еңбек еткені үшін «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасын табыстады.

Нұржамал ӘЛІШ, Гүлжанат СЕМБАЕВА.



КАНДИДАТТАР КӘСІПОРЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

«Әділет» партиясының кандидаттары «Алматы жылу желілері» кәсіпорнының ұжымымен кездесті. Сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында өткен басқосуда қаланың инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту және энергетика саласын дамыту мәселелері талқыланды.

«Алматы жылу желілері» – қала тұрғындарын, әлеуметтік нысандарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды жылу энергиясымен қамтамасыз ететін негізгі коммуналдық кәсіпорындардың бірі. Аталған ұжымның қызметкерлермен кездесуге «Әділет» партиясынан Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттар, қалалық сайлауалды штаб мүшелері және кәсіпорын қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында партияның 2026–2031 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Коммуналдық желілерді жаңарту, жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, қаланың қарқынды өсуіне байланысты коммуналдық инфрақұрылымға түсетін жүктеме мен энергетика саласының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Ашық диалог барысында кәсіпорын қызметкерлері саланың өзекті мәселелерін көтеріп, сайлауалды бағдарламаға қатысты сұрақтарын қойды. Сонымен қатар, қаланың инженерлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: С.В.Канкуров.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»



Жаңа әдеп талаптары

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бағытында бірқатар өзгеріс қолға алынбақ. Соның бірі – мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын әзірлеу. Жаңа талаптар Конституция нормаларына, мемлекет пен қоғамға адал қызмет ету ұстанымдарына негізделеді. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин мәлімдеді.

Үкімет отырысында мемлекеттік қызмет саласындағы алдағы реформалардың негізгі бағыттары айтылды. Серік Жұманғариннің айтуынша, жаңа әдеп қағидаттары мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметіне ғана емес, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігіне де басымдық береді.

Бұл бастама мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық нормаларын заман талабына сай жетілдіруге бағытталған. Өйткені, мемлекеттік қызметші – тек белгілі бір мекеменің немесе органның өкілі емес, сонымен қатар мемлекет атынан азаматтармен тікелей байланыс орнататын тұлға. Сондықтан оның кәсіби біліктілігімен қатар, жауапкершілігі, заңға құрметі, қоғаммен қарым-қатынасы және қызметтік міндеттерді орындау мәдениеті де маңызды.

Мемлекеттік қызметке қатысты өзгерістердің тағы бір бағыты – ел дамуының ұзақмерзімді басымдықтарын айқындайтын стратегиялық құжат әзірлеу. Аталған құжатта мемлекеттің алдағы кезеңдегі даму бағдарлары мен негізгі міндеттері жүйеленбек. Оның дайындалуына Президент Әкімшілігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты бірлесіп қатысады.

Жалпы, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселесі кейінгі уақытта елдегі реформалардың маңызды бағыттарының біріне айналды. Мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, басқару шешімдерінің сапасын жақсарту және азаматтардың сұранысына жедел жауап беру – бұл саладағы өзекті міндеттер. Ал жаңа әдеп қағидаттары мемлекеттік қызметшілердің осы міндеттерді орындау кезіндегі кәсіби жауапкершілігі мен қызметтік мәдениетін айқындауға негіз болмақ.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалау қажеттігін атап өткен еді. Президент мемлекеттік аппараттың жұмысын заман талабына бейімдеп, басқару тетіктерін жетілдірудің маңызын көтерген болатын.

Мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын енгізу және ұзақмерзімді стратегиялық құжат әзірлеу мемлекеттік басқару жүйесін жаңартудың өзара байланысты екі бағыты ретінде қарастырылып отыр. Ал олардың нақты мазмұны мен іске асу тетіктері тиісті құжаттар әзірленіп, ресми түрде бекітілгеннен кейін белгілі болады.

Дана САДЫРҚАН.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Әлеуметтік көмек мұқтаждарға бағытталады

Мемлекеттік көмектің басты міндеті – оны шынымен қажет ететін азаматтарға жеткізу. Осы мақсатта Қазақстанда әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа пилоттық жоба іске қосылады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жоба 2027 жылғы 11 қаңтардан бастап жүзеге асады. Негізгі назар отбасылардың нақты материалдық жағдайын ескеруге және бюджет қаражатын тиімді бөлуге аударылады.

Министрліктің хабарлауынша, қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесі халықтың түрлі санатын қамтығанымен, кейбір көмек түрлерін тағайындау кезінде алушылардың шынайы тұрмыс деңгейі толық ескеріле бермейді. Соның салдарынан табысы жоғары отбасылар да материалдық жағдайы қиын азаматтармен бірдей әлеуметтік қолдау алуы мүмкін. Жаңа жоба осы олқылықты реттеуге бағытталған.

Атап айтқанда, отбасының әл-ауқатын бағалау нәтижесінде табысы жоғары және ауқатты санатқа жатқызылған отбасылар алатын 36 әлеуметтік төлемнің 12 түріне қатысты жаңа тәсілдер қолданылады. Министрлік бұл өзгерістер мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерінен бас тарту дегенді білдірмейтінін атап өтті. Керісінше, көмек көрсету тәртібін жетілдіріп, оны азаматтардың нақты қажеттілігіне қарай бағыттау көзделген. Яғни әлеуметтік төлемдердің көлемі мен сипатын белгілеу кезінде отбасының материалдық мүмкіндігі де ескерілмек. Сонымен бірге, пилоттық жобаны жүзеге асыру барысында азаматтардың құқығын қорғау мәселесі басты назарда болады. Отбасылардың әл-ауқаты объективті бағаланып, мемлекеттік қолдау алу мүмкіндігін негізсіз шектеуге жол берілмеуі тиіс. Ұсынылған өзгерістердің ықтимал әлеуметтік салдары да жан-жақты сарапталады.

Жұмысты үйлестіру үшін Еңбек министрлігінің базасында арнайы жобалық офис құрылған. Оның құрамына Президент Әкімшілігінің, Үкімет Аппаратының өкілдері, Құрылтай мүшелері және сарапшылар қауымдастығының өкілдері кіреді. Сондай-ақ, талқылауға салалық мамандар мен тәуелсіз сарапшылар тартылмақ.

Жоба кезең-кезеңімен іске асырылады. Оның нәтижесінде әлеуметтік қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленеді. Бұл ретте енгізілетін өзгерістердің тиімділігі мен заңнамада көзделген әлеуметтік кепілдіктердің сақталуы ескеріледі.

Жалпы, жаңа бастаманың түпкі мақсаты – мемлекеттік көмекті бөлуде әділдік пен нақтылықты күшейту. Яғни қолдау шаралары ең алдымен көмекке мұқтаж отбасыларға бағытталып, бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына басымдық берілмек.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.



МЕКЕМЕҢІЗ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ?



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ – рухани өркендеудің өзегі

Қазақстан Республикасының жаңа халықтық Конституциясының 9-бабы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетеді. Қазақ тілі – мемлекеттігіміздің негізі, елдігіміздің айғағы. Ол – ұлттың рухани болмысын айқындайтын басты құндылық. Мемлекеттік тілді дамыту мен қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолдану – ұлттық бірегейлік пен мен ішкі тұрақтылықтың, рухани өркендеудің негізі.

Стратегиялық міндет

Жаһандану дәуірінде көптеген ұлттың тілі ақпараттық кеңістіктегі бәсекеге қабілетсіздік салдарынан қолданыстан шығып қалу қаупінде. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту – тек мәдени немесе саяси мәселе емес, ұлттың болашағы үшін жүзеге асуы тиіс стратегиялық міндет.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының мемлекеттік тілдің және орыс тілінің мәртебесі, оның қолданылуы және азаматтардың өтініштеріне жауап хаттардың тілі туралы нормаларын түсінуде және қолдануда бірқатар мәселелер бар. Дәлірек айтсақ, тіл туралы заңнаманың нормаларына байланысты ел арасында заңға қайшы, қате түсініктер орын алып жатады.

Біріншіден, тілге қатысты дау-дамай туындағанда мемлекеттік тілде қызмет көрсетуді талап еткен азаматтарға орыс тілін тұтынушылар тарапынан «орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі» деген қате қағида көп айтылады. Мұның себебі, сонау кеңес кезінде тұңғыш рет, 1989 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған «Қазақ КСР-індегі тілдер туралы» Заңда орыс тілі туралы осындай норма болды. Ал қазіргі Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында орыс тіліне мұндай мәртебе берілмеген. Бірақ көпшіліктің ойында сол алдыңғы заңдағы айтылған анықтама әлі қалып қойған.

Екіншіден, көпшілік қате түсініп жүрген тағы бір мәселе бар. Ол – «Қазақстан Республикасында қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі – ресми тіл» деген қазіргі қолданыстағы тіл туралы заңнамаға қайшы, бірақ азаматтардың арасында, тіпті түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің ішінде де кең тараған қате түсінік. Орыс тілі – ресми тіл дегеннен бөлек Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл екеу деп санайтындар да бар. Бұл мемлекеттік рәміздерімізбен тең дәрежеде насихатталуы тиіс мемлекеттік тілдің заңнамада белгіленген мәртебесінің тиісті мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан ұлттық әрі мемлекеттік идеология деңгейінде насихатталмай жатқандығын білдірсе керек.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, социолингвистғалым Аман Мәделханұлы «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» дегендер өзара синоним сөздер екенін атай отырып, «Конституцияда, Тіл туралы заңда да қазақ тілінің мәртебесі сияқты орыс тілінің өзіндік мәртебесі көрсетілмеген (оның тек қолданылу аясы ғана анықталған). Демек, Қазақстанның ресми тілі – орыс тілі деп көрсетілмеген соң, оны ресми тіл деп тану қалай болғанда да заңсыз әрекет», – дейді («Ана тілі» ұлт газеті, 2024 жылғы 26 қыркүйек). Яғни орыс тілі ресми тіл емес, тек қазақ тілімен ресми түрде қатар қолданылады.

Қазақстан Республикасының бұрынғы Конституциясының 7-бабының (жаңа Конституцияда 9-бап) 2-тармағында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген еді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының «Орыс тілін қолдану» атты 5-бабы да солай дейді. Сонымен қатар, осы Заңның 8-бабына сәйкес мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Осы үш бапта да орыс тілінің ресми түрде мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын жері тек мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары екені айтылған. Ал біздің елімізде іс жүзінде барлық жерде орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар қолданылады деген қате норма қалыптасты. Оған себеп болған «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» деп аталатын осы Заңның 21-бабы. Өйткені, 2021 жылдың соңына дейін онда «көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады» деп көрсетілген болатын. Осыдан келіп, барлық жерде орыс тілі қазақ тілімен қатар жүруге міндетті болып шықты. Бұл Конституцияның жоғарыда аталған бабының 2-тармағына қайшы. Аталған бапқа енгізілген өзгертулерге сәйкес 2022 жылдан бастап деректемелер мен көрнекі ақпараттарды орналастыру кезінде қазақ тілі мен орыс тілі тек мемлекеттік ұйымдарда ғана міндетті түрде қатар қолданылады. Ал «Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары, хабарландырулар, жарнама, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде немесе басқа тілдерде де орналастырылады» деп көрсетілген. Яғни кәсіпкер дүкенінің маңдайшасын, яғни атауын, басқа да көрнекі ақпаратын тек қазақ тілінде ғана орналастыруына болады.

Жұмыс тілі мен іс жүргізу тілі

Мемлекеттік мекеменің жұмыс және іс жүргізу тілі мемлекеттік тіл деп белгіленгендіктен, ол мекемелердегі жұмыс тілі де, іс қағаздарының тілі де бірінші кезекте міндетті түрде қазақ тілі болуы тиіс. Ал қажет болған жағдайда ғана қазақ тілімен қатар орыс тілі қолданылады. Мысалы, жалпы көпшіліктің назарына ұсынылатын түрлі құжаттар (қаулылар мен шешімдер, ережелер мен нұсқаулықтар, хабарландырулар және т.б.) қазақ және орыс тілдерінде тең әрі қатар ресімделгені дұрыс. Себебі, елімізде әлі де болса мемлекеттік тілді білмейтін, қазақ тілін меңгермеген азаматтар бар.

Қазіргі кезде елімізде қалыптасқан тілдік ахуал, мемлекеттік органдар мен мекемелерде іс жүргізуде қазақ және орыс тілдерінің қолданылуы туралы жоғарыда айтылған мәселелер ел арасында кеңінен насихатталуы керек.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның «Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі» деп аталатын 11-бабы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі» дейді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 89-бабына сәйкес жауаптар мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға тиіс. Яғни жауап хатты әзірлеуші тарапқа нақты жағдайға байланысты мемлекеттік тілді немесе өтініш берілген тілді таңдау құқығы берілген.

Алайда, іс жүзінде мемлекеттік органдарда аталған баптардағы бірінші тұрған «мемлекеттік тілде» «немесе» деген нормалар назардан тыс қалып, ең соңында тұрған «өтініш жасалған тілде» деген нормаға басымдық беріліп жүр. Осы ретте жауап хат қай кезде мемлекеттік тілде, ал қай кезде өтініш жасалған тілде болуы керектігі нақты еш жерде белгіленбеген. Нәтижесінде жауап «өтініш жасалған орыс тілінде» болуы керек деген қате түсінік жаппай орын алып, барлық орыс тіліндегі хатқа орыс тілінде жауап беру нормасы қалыптасты.

Азаматтардың өтініштеріне жауап

Жеке тұлғалардың өтініштеріне жауап, егер мемлекеттік тілді білмесе, оларға ешқандай қиындық туғызбау мақсатында, өздері өтініш берген тілінде қайтаруға болады. Бірақ бұл жоғарыда аталған баптардағы «немесе» деген нормаға сәйкес міндетті түрде емес. Сонымен қатар, барлық жағдайда өтініш берілген тілде жауап қайтару да мүмкін емес. Өйткені, елімізде орыстан да басқа этнос өкілдері тұрады. Олар өздерінің екінің бірі біле бермейтін ана тілінде, яғни ұйғыр, корей немесе т.б. өтініш берсе, оған жауап қай тілде беріледі деген сұрақтың жауабы жоқ.

Кейбір азаматтар мемлекеттік тілде жаза алмайтын, яғни жазбаша мәтін құрастыра алмайтын болғандықтан, орыс тілінде өтініш түсіреді. Бірақ бұл олар мемлекеттік тілде ресімделген жауапты, яғни қазақ тіліндегі дайын мәтінді түсінбейді дегенді білдірмейді. Өйткені, айтылған сөзді естіп түсіну, жазылған мәтінді оқып түсіну, ауыз-екі тілдесе алу, жазбаша мәтін құрастыра білу – мұның бәрі тілді меңгерудің әртүрлі деңгейлері. Тіл туралы Заңның 11-бабына сәйкес жауапты мемлекеттік тілде де, өтініш жасалған тілде де бере беруге болады. Ал «жауап міндетті түрде өтініш берілген тілде берілу керек» деген ұстаным түбірімен қате.

Біз айтып отырған Тіл туралы Заңның 11-бабы «Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі» деп аталады. Яғни осындағы «жауаптар мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі» деген норма тек жеке тұлғалардың өтінішіне берлетін жауаптың тілі туралы. Заңды тұлғалардың өтініші туралы емес. Алайда, іс жүзінде елімізде соңғы отыз жылда заңды тұлғалардың да барлық орыс тіліндегі хатына орыс тілінде жауап беру нормасы қалыптасты.

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда азаматтар қандай да бір ақпаратты интернет-ресурстар арқылы алатын болды. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың интернет-ресурстарындағы ақпараттар Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР Заңының 16-бабының 14-тармағына сәйкес мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде ресімделеді. Соңғы кезде осы талаптың бұзылуына, яғни сайттағы ақпараттардың мемлекеттік тілде болмауына байланысты азаматтардан арыз-шағым көбейді.

Қазіргі кезде елімізде қалыптасқан тілдік ахуал, мемлекеттік органдар мен мекемелерде іс жүргізуде қазақ және орыс тілдерінің қолданылуы туралы жоғарыда айтылған мәселелер ел арасында кеңінен насихатталуы керек. Мемлекеттік тілдің қолданылуына тек заңмен ғана емес, қоғамдық сана арқылы да сұраныс туындауы тиіс. Қазақ тілін қадірлеу – өткенге құрмет, болашаққа – қамқорлық. Қазақ тілінің тағдыры – тек тіл мамандарының немесе мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл ұлттың жауапкершілігі. Ұлттың тілі – оның ұлы мұрасы. Ал сол мұраға ие болу – әр азаматтың парызы. Мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы – елдің ішкі тұрақтылығы мен біртұтастығының кепілі.

Бақыт ҚАЛЫМБЕТ,
Алматы қаласы
Ішкі саясат басқармасы
Тілдерді дамыту және ономастика
бөлімінің басшысы.

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА

БЕЛСЕНДІ ӨМІР БЕЛЕСІ

Зейнет жасына жеткен жандардың қоғамнан өзін оқшау сезініп, салғырт қалатыны бар. Алайда, Алматыда зейнеткерлер үшін де белсенді, жалынды өмір кеңістігі бар. Алматы қаласының Бостандық ауданындағы №3 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы зейнеткерлерге бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беріп отыр.



Мұнда егде жастағы аудан тұрғындары денсаулықтарын нығайтып, шығармашылық қабілеттерін дамытып, тіпті өздерін жаңадан достар тауып жатады. Соңғы жылдары қаламызда зейнеткерлерге арналған әлеуметтік және мәдени-сауықтыру бағытындағы тегін жоба жүзеге асып келеді.

Бостандық ауданындағы №3 орталықтың жұмысын Альфия Садыққызы Рысбекова басқарады. Мекеме басшысының айтуынша, мұнда қатысушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне қарай түрлі бағыттағы сабақтар мен үйірмелер ұйымдастырылған. Әсіресе, орталықтың жұмысында мәдени-шығармашылық бағытқа ерекше көңіл бөлініп, музыкалық сабақтарға қатысып, ән айту машығын жетілдіреді, түрлі шығармашылық бағдарламаларға дайындалады.

Жас ұрпақ тәрбиесіне де көңіл бөлген Орталық мүшелері аудандағы №90 бөбекжай-балабақша шаңырағына келіп, мұндағы сабақтар мен үйірмелердің жүйелі өтуін, бос уақытын тиімді ұйымдастыруды және түрлі іс-шаралардың өткізілуін үйлестірді. Бұл бағыттағы жұмыстарды музыка жетекшісі Диана Мырзахановаңың жетекшілігімен зейнеткерлер ән айтуға машықтанып, музыкалық қабілеттерін дамытып, ортақ концерттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, зейнеткерлер балабақшадағы қолөнер мен шығармашылық үйірмелерінің жұмысына атсалысты. Мұндай сабақтар зейнеткерлердің бұрыннан келе жатқан қызығушылықтарын қайта жаңғыртуға, жаңа дағдыларды меңгеруге және бос уақытын пайдалы өткізуге мүмкіндік берді.

Балабақша меңгерушісі Гүлімжан Жайлаубаева мұндай кездесулер, мәдени бағдарламалар мен экскурсиялар да орталық жұмысының ажырамас бөлігі екенін әрі қоғамдық ортаға жиі араласуына жағдай жасайтынын жеткізді. Шынында, зейнетке шыққаннан кейін әлеуметтік байланыстары азайған адамдар үшін мұндай ортаның маңызы зор.

Жалпы, жүргізіліп отырған Алматы қаласында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының қызметі мемлекеттік әлеуметтік қолдау жобасы аясында жүзеге асырылады. Қаладағы орталықтарда сауықтыру, білім беру, мәдени және шығармашылық бағыттар бойынша түрлі қызметтер ұсынылады. Зейнеткерлерге арналған сабақтар мен бағдарламалар тегін өткізіледі. Қатысу тәртібі мен қажетті құжаттар орталықтың жұмыс ерекшелігіне қарай белгіленеді.

Қысқасы, бүгінде зейнет жасына жету адамның қоғамдық өмірден шет қалуын білдірмейді. Керісінше, бұл кезеңді жаңа қызығушылықтар ашуға, бұрыннан армандаған істермен айналысуға және өз ортасын кеңейтуге мүмкіндік ретінде қарастыруға болады. Бостандық ауданындағы №3 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының жұмысы да осы ұстанымға негізделген.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

«АДАЛ АЗАМАТ»

ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ – ОТАНҒА ДЕМЕУ





Алматы қаласында әлеуметтік демографиялық даму бағытында, әсіресе, отбасы құндылықтарын қорғау мен дамыту бойынша нәтижелі жұмыстарға көз жеткізіп келеміз. Соның жарқын мысалы, Жетісу ауданында әлеуметтік қолдауға бағытталған түрлі игі бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Отбасыларға қолдау көрсету, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ету және мұқтаж жандарға көмек қолын созу бағытындағы жұмыстардың маңызы ерекше.

Қоғамның берік негізі

«Бақытты отбасы» қоғамдық қорының қызметі де осы ізгі мақсаттармен үндесіп, отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған. Гүлжазира Қаныбекова – Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы, Жетісу ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы. Әрі бүгінгі қоғам қадірлеуге тұрарлық «Адал азамат» тұжырымдамасының жарқын үлгісі.

– 2020 жылдан Жетісу ауданының «Бақытты отбасы» қоғамдық қорында КС-менеджер болып жұмыс істеп келем. Мемлекеттік бағдарлама аясында «Қолдау» грантының иегері атанып, оның қаражатына 5 көпбалалы ана жұмыс істейтін тігін шеберханасын аштым. Қазіргі таңда «ИП ADEMA» тігін цехы қыз жасауы, құрақ көрпе, жастық, басқа да қажетті бұйымдарды тігіп, өз жұмысын жалғастырып жатыр, – дейді Гүлжазира Дүйсенқызы.

Бүгінгі таңда жеке кәсіпкерлікпен қатар, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының жұмысын қатар алып жүру, жаңа кезең ғана емес, нағыз сынақ десе де болды. Бастапқыда көңілде көп күмәннің болғаны да рас. Орталықтың тиімділігі, оның жұмысы туралы тұрғындарға айтып, түсіндірудің өзі оңайға түскен жоқ. Кей сәттерде тіпті күшқуат таусылғандай көрінетін.

Бірақ бұл орталықты адамдарға жылы, қызықты әрі жайлы орынға айналдырсақ деген ұмтылыстары алға жылжуға күш берді. Дегенмен, Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызының аналық ақылы мен қолдауы қанат бітірген.

– Жолымда жақсы адамдар кездесті. Жанымда жанашыр әрі еңбекқор жандардың болғаны сенім ұялатты. Біз барлық қиындықтарды бірге еңсердік, бір-бірімізді қолдадық, орталықтың жұмысын бірлесе ұйымдастырдық. Тіпті, ең кішкентай деген жетістікке де қуана білдік. Дәл осы ауызбіршілігіміздің арқасында орталыққа келген адамдар қуанып келіп, өз үйіндей сезінетін жағдайға жеттік, – дейді Г.Дүйсенқызы.

Шапағаты мол бастама

«Бақытты отбасы» бастамасының негізгі мақсаты – көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларға және көмекке мұқтаж азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету. Мұндай ұйымдарда әлеуметтік, құқықтық және психологиялық кеңес беру, білім алу мен кәсіп меңгеруге бағыт-бағдар көрсету секілді жұмыстардың маңызы зор. Әсіресе, қайырымдылық ісіне үлес қосу – қоғамның әрбір мүшесінің қолынан келетін игі іс.

Бұл ретте Гүлжазира Дүйсенқызы «Қолұшын беру» қорының ұйымдастырушысы ретінде қайырымдылық пен әлеуметтік қолдау бағытындағы игі істерге атсалысып жүрген жан. Байқасаңыз, осындай кішігірім игі істердің өзі бір адамның немесе бір отбасының өміріне үлкен өзгеріс әкелуі мүмкін. Мәселен, «Қолұшын беру» қорының атауының өзі оның негізгі мақсатын айқын аңғартады. Өйткені, қоғамдағы ең басты құндылықтардың бірі – адамдардың бір-біріне қолдау көрсетуі. Жақсылық жасаған адам өзгеге ғана емес, өзі өмір сүріп отырған ортасына да жылулық сыйлайды.

Қолұшын беру қолымыздан келеді

– Мен үшін ең үлкен марапат – келушілердің ризашылығы. Өткенге көз жүгіртсем, кездескен қиындықтардың бәрі бізге сабақ болғанын түсінемін. Олар ұжымды біріктіріп, шыңдай түсті. Қазір орталықта 466 зейнеткер тіркелген. Жалпы, 20 мыңнан астам адамды қамтуға мүмкіндігіміз бар. Егде жастағы азаматтардың өмір сапасын жақсарту мақсатында мәдени-танымдық, спорттық, шығармашылық және мерекелік іс-шаралар тұрақты өткізіледі. Орталық зейнеткерлер үшін бос уақытты тиімді өткізетін, жаңа достар тауып, қабілетін шыңдайтын ортаға айналды, – дейді Гүлжазира Дүйсенқызы.

Бүгінде орталықта йога, скандинавиялық жүріс, айкуне, хореография, фольклорлық ансамбль, қолөнер және ағылшын тілі үйірмелері жұмыс істейді. Сонымен қатар, бассейн мен түрлі спорттық секциялар қызмет көрсетеді. Бұған дейін тігін, аспаздық, шаштараз, визаж және қолөнер бағыттары бойынша тегін курстар ұйымдастырылып, тұрғындардың жаңа кәсіп меңгеруіне мүмкіндік жасалған.

